20789056438

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 25 қаңтар №7119-23-00-2/15932 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорныны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Снаб-Менеджмент" атынан – Дюсембаев Дулат Жумагазыевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынының жеке кәсіпкер "Снаб-Менеджмент" атынан – Дюсембаев Дулат Жумагазыевичке қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Снаб-Менеджмент" атынан – Дюсембаев Дулат Жумагазыевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Снаб-Менеджмент" атынан – Дюсембаев Дулат Жумагазыевичтен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 25.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2024, судья Бертыбаева С. Т., 12.03.2024

7119-23-3-1/15606